

2010 жылғы бір жолғы талондардың құны мөлшерін белгілеу туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N XVI-3 шешімі. Әділет департаменті Қызылқоға ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарында N 4-5-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын және аудан әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 342 қаулысын басшылыққа алып, Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй- жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстарын орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға біржолғы талондардың құны № 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметтің жүргізілуін ұйымдастыру аудандық салық басқармасына (3. Нұрмашева - келісім бойынша) және округ әкімдеріне тапсырылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

		Аудандық мәслихаттың кезекті	
XVI-сессиясының төрағасы		Н. Бекешов	
Мәслихат хатшысы		Т. Бейсқали	
Аудан	әкімдігінің	2009	жылғы
21	желтоқсандағы	№ 342	
қаулысына қосымша № 1			

Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстарын орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға біржолғы талондардың құнының тізбесі

--	--	--	--

Р е т с а н ы	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	М и я л ы селосында	Басқа ауылдық, селолық округтерінде
1	Азық-түлік, ет өнімін, көкөніс-жеміс сату	170	150
2	Киім, аяқ киімдер, парфюмерия, косметика сату	250	200
3	Шаруашылық (ыдыс-аяқ), кеңсе бұйымдары, ойыншықтар сату	200	150
4	Қосалқы бөлшектер және шаруашылық бұйымдарын сату	300	250

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК